

## Дәріс № 15. Кәсіпорынды жобалаудағы санитарлы нормалар

### Дәріс жоспары:

1. Жүйе дамуының есепті нормативтарына сәйкес кәсіпорын салу қажеттілігін негіздеу
2. Еңбекті қорғау түсінігі
3. Еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі ережелері
4. Кәсіпорынды жобалаудағы санитарлы нормалар

1. Консерві өндіру кәсіпорындарын жобалау үшін мына мәселелер жан-жақты зерттеледі: жоспарланған құрылыс ауданы, оны мекендейтін халық саны; жобаланып отырған кәсіпорын аумағында жұмыс атқаратын мекемелер жүйесі. Қажетті орын саны түрлі көлемдегі калалардың 1000 тұрғынына арналған орын нормалары негізінде есептеледі. Өнеркәсіп өндірістер, мекемелер мен оқу орындары маңында консерві өндіру кәсіпорындарын жобалау кезінде қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары жүйесінің ұйымдастыру-экономикалық сипаттамасы, жұмыскер (оқушы) саны, ауысымдар бойынша жұмыс істеу тәртібі және т.б. келтіріледі.

2. Ауданның сипаты мен құрылыс орнын таңдау. Құрылыс орнын таңдау кезінде консерві өндіру кәсіпорындарын орналастыруға қойылатын жалпы талаптарды ескеру қажет: Консерві өндіру кәсіпорындарын тұтынушыға жақындату, оларды көпшілік халық жүріп- тұратын жерде орналастыру;

3. Инженерлік іздеулер және кәсіпорын салудың техникалық мүмкіндігін дәлелдеу. Қоршаған ортаны қорғау, тазалық және өрт қауіпсіздігі талаптарын ескере отырып құрылыс орнын белгілеу мүмкіндігін анықтайды. Құрылыс ауданы маңынан электрқуаты, су және канализация көздеріне қосылуды белгілейді.

4. Жобаланушы кәсіпорынның түрі мен қызмет көрсету формасын таңдау және дәлелдеу. Консерві өндіру кәсіпорын түрін тандап дәлелдеуде мынаны ескеру қажет: жұмыс істейтін жүйенің бар болуы; оның профилі; тұтынушылардың болжамалы саны және калалардың түрлі аудандарындағы кәсіпорындардың негізгі түрлері арасындағы ұсынылатын ара қатынас.

5. Шикізат, жартылай өнім және өңдеусіз пайдаланылатын тауарлармен қамтамасыз ететін азық-түлік көздерін анықтау. Кәсіпорынды шикізат, жартылай өнім және өңдеусіз пайдаланатын тауарлармен қамтуды жоспарлаған тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары, дайындау кәсіпорындары, азық-түлік базалары, агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындарының атаулары мен мекен-жайлары көрсетіледі.

### Бақылау сұрақтары:

1. Жобаланушы кәсіпорынның түрі мен қызмет көрсету формасын таңдау және дәлелдеу.
2. Кәсіпорынды жобалаудағы санитарлы нормаларды ата.
3. [Қазақстан республикасының еңбек кодексі.](#)